2020 жылғы 31 желтоқсан

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ

АХҚО комитеті қызметінің негізгі нәтижелері: 2020 жылы қаржылық қызметтерді реттеу туралы

Нұр-Сұлтан, Казахстан – АХҚО-ның қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті (АФСА) 2020 жылғы қызметінің негізгі нәтижелерін ұсынады:

- **Тіркеу:**
  - 287 жаңа тіркелген қатысушы (АХҚО-да барлығы 49 елден 650 компания тіркелген).
  - 2020 жылдың қыркүйегінде тіркеу процесі 100% онлайн режиміне өтті, тіркеу мерзімі 2018 жылғы 7 күннен 2020 жылы 1 күнге дейін қысқарды.
- **АХҚО-ның нормативтік-құқықтық базасы:**
  - Инвестицияларды сату және сатып алу бойынша әр түрлі платформаларға қатысты 5 жаңа қаржылық қызметтерді енгізілді (АХҚО-да ұсынуға болатын қаржылық қызметтердің жалпы саны - 35).
  - Кэптивті сақтандырудың 3 жаңа формасы енгізілді.
- **АХҚО қатысушыларын реттеушілік қолдау:**
  - Коронавирустық пандемияға байланысты реттеушілік қолдау шаралары енгізілді, бұл АХҚО бизнес қауымдастығына қиын кезеңдерде өзінің бизнес басымдықтарына назар аударуға мүмкіндік берді.
  - Негізгі капиталға қойылатын талаптар оңтайландырылды.
  - Инвестициялық компаниялардың өтімділік талаптары оңтайландырылды.
- **FinTech:**
  FinTech Lab-та 8 жаңа фирма тіркелген (барлығы 30 фирма, мысалы, краудфандинг, ақша қызметтері, цифрлық активтер және т.б). Комитет АХҚО мен Қазақстаннның цифрлық активтері саласындағы заңнамалық актілерінің талаптарын үйлестіруге ықпал етті.
- **Халықаралық қатынастар:**
  Комитет 2 көпжақты келісімге қол қойды:
  1) IOSCO кеңейтілген өзара түсіністік туралы меморандум (EMMoU)
  2) Сақтандыру қадағалаушыларының халықаралық қауымдастығының (IAIS) көпжақты өзара түсіністік туралы меморандум.

  Екі келісім де нарықтардың дұрыс жұмыс істеуі мен қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін дүниежүзілік қадағалау саласындағы ынтымақтастық аясын кеңейтеді.
- **Көпшілікпен қарым-қатынас:**
  - Комитет қаржылық қызметтерді тұтынушылар үшін ақпараттық және білім беру мақсатында виртуалды Халықаралық инвесторлар апталығын өткізді. Іс-шараға Қазақстанның 23 қаласынан және 10 елден 3000-нан астам делегаттар қатысты.
  - АХҚО қатысушыларын тіркеу және лицензиялау процесінде басшылық ету және қолдау, АХҚО реттеу режимінің талаптарын түсіндіру және сәйкестікті насихаттау мақсатында 37 көпшілік іс-шаралар өткізілді.

Анықтамалық ақпарат:
АХҚО-ның қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті (AFSA) – Астана халықаралық қаржы орталығында қаржылық қызметтерді және онымен байланысты қызметті

реттеу мақсатында «Астана халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес құрылған АХҚО-ның тәуелсіз реттеушісі. АХҚО ережелері қаржы компаниялары мен нарық институттарын лицензиялауды, тіркеуді, аккредиттеуді және қадағалауды қамтамасыз етеді.
www.afsa.kz

"Астана" халықаралық қаржы орталығы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен "Бес институционалды реформаны іске асыру бойынша 100 нақты қадам" Ұлт жоспары аясында құрылды.
2020 жылдың 2 шілдесінде АХҚО Басқару кеңесінің отырысы аясында Орталықтың 2025 жылға дейінгі даму стратегиясы қабылданды.
Құжатқа сай, АХҚО Орталық Азия, Кавказ, ЕАЭО, Батыс Қытай, Моңғолия мен Шығыс Еуропа елдеріндегі алдыңғы қатарлы қаржы орталығы болып қалыптасу көзделген.
АХҚО міндеті өңірдің ұзақмерзімді тұрақты дамуына ықпал ету. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев атап өткендей, «АХҚО өзінің теңдессіз мүмкіндіктерімен өңір елдерін байланыстырушы ерекше платформаға айнала алады».
АХҚО-ның тұрақты дамуының стратегиялық бағыттары жабық циклді экономика, қаржы технологиясы мен «цифрлық қаржы орталықты» дамытуды қамтиды.
www.aifc.kz

Байланыс ақпараты:
Динара Серикова
+77013590570
d.serikova@afsa.kz